ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылы 04 желтоқсан №7119-23-00-2/13658 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК

ЖАУАПКЕРЛЕР:

1. Рахманов Марат Ілесұлы тұлғасындағы «Марат» ЖК
2. Рысмагамбетов Дияс Ибрагимович тұлғасындағы «Зуммер» ЖК
3. Мәлікова Шырын Мәлікқызы тұлғасындағы «Мәлікова» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК-ның жауапкерлер Рахманов Марат Ілесұлы тұлғасындағы «Марат» ЖК, Рысмагамбетов Дияс Ибрагимович тұлғасындағы «Зуммер» ЖК, Мәлікова Шырын Мәлікқызы тұлғасындағы «Мәлікова» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Рахманов Марат Ілесұлы тұлғасындағы «Марат» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Рахманов Марат Ілесұлы тұлғасындағы «Марат» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Рысмагамбетов Дияс Ибрагимович тұлғасындағы «Зуммер» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Рысмагамбетов Дияс Ибрагимович тұлғасындағы «Зуммер» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Документ подписан: Абенова А. Ч., 04.12.2023

Мәлікова Шырын Мәлікқызы тұлғасындағы «Мәлікова» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мәлікова Шырын Мәлікқызы тұлғасындағы «Мәлікова» ЖК-нен жергілікті бюджет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Көшірмесі дұрыс:

Судья **А.Баймурзина**

Анықтама: Шешім заңды күшіне енген күні 15.01.2024ж.

Судья **А.Баймурзина**

Документ подписан: Абенова А. Ч., 04.12.2023

ҰЙҒАРЫМ

2024 жылғы 18 қаңтар №7119-23-00-2/13658 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ч.Абенова, талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК-ның жауапкерлер Рахманов Марат Ілесұлы тұлғасындағы «Марат» ЖК, «Зуммер» ЖШС, Мәлікова Шырын Мәлікқызы тұлғасындағы «Мәлікова» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы бойынша электронды азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

2023 жылғы 4 желтоқсандағы сот шешімімен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК-ның талабы қанағаттандырылған.

АПК-нің 235-бабы 2-тармағы бойынша, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады. Сот шешімдегі қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Бұл ретте сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болып табылмайды.

2023 жылғы 4 желтоқсанда шығарылған сот шешімінің мәтінінде қате жазу бар екендігі анықталды, яғни «Зуммер» ЖШС» деп дұрыс жазудың орнына, «Рысмагамбетов Дияс Ибрагимович тұлғасындағы «Зуммер» ЖК» деп қате жазылып кеткен.

Осы мән-жайларға байланысты, сот шешімінде жіберілген қателер түзетуге жатады.

АПК-нің 235, 268-баптарын жетекшілікке ала отырып, сот

ҰЙҒАРДЫ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 4 желтоқсанда шығарылған сот шешімінде толық мәтіні бойынша қате көрсетілген «Рысмагамбетов Дияс Ибрагимович тұлғасындағы «Зуммер» ЖК» орнына «Зуммер» ЖШС» деп көрсетіліп түзетілсін.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына АПК-нің 429-бабының 4-тармағының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күн ішінде ұйғарымға жеке шағым берілуі мүмкін.

Судья А.Ч.Абенова

Көшірмесі дұрыс:

Судья А.Баймурзина

Анықтама: Ұйғарым заңды күшіне енген күні 02.02.2024ж.

Судья А.Баймурзина

Документ подписан: Абенова А. Ч., 18.01.2024